

лицам, ищущим работу, в ее подборе и трудоустройстве, предприятиям (учреждениям, организациям) всех видов, испытывающим потребность в кадрах - в их поиске и необходимой подготовке.

Законодательство Республики Казахстан о занятости основывается на Конституции, состоит из настоящего Закона и иных нормативных правовых актов Республики Казахстан. А также, законодательство о занятости распространяется на граждан Республики Казахстан, иностранцев и лиц без гражданства. Всеобщая декларация прав человека, принятая ООН в 1948г., в ст. 23 провозгласила, что каждый человек имеет право на труд, на свободный выбор работы, на справедливые и благоприятные условия труда и на защиту от безработицы. Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах, принятый ООН в 1966г., предусматривает полную, продуктивную и свободно избранную занятость.

1. Назарбаев Н.А. Казахстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана. Алматы. 1997. Отдельное издание. С. 16, 22.

2. САПП РК, 1996, № 22, ст. 197.

3. Димитрова С.А. Правовые проблемы труда и занятости населения в Республике Казахстан : Дис. ... д-ра юрид. наук : 12.00.05 : Алматы, 1998 302 с. РГБ ОД, 71:99-12/11-4

В статье рассматриваются правовые условия занятости населения Республики Казахстан. А также описаны условия правовых отношении в сфере занятости население по ликвидации безработицы в Республике Казахстан.

This article discusses with legal terms of employment of the Republic of Kazakhstan. Also describes the legal conditions of employment for the population of the elimination of unemployment in the Republic of Kazakhstan.

И.Э. Молдабаева

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫ: ТАРИХИ-ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР

Азаматтық қоғамның қалыптасу үрдісінде, оның басты факторлары мен құндылықтарына ғылыми зерттеу жүргізіліп, даму үрдістерін анықтау маңызды мәселелердің бірі. «Азаматтық қоғам» ұғымы арқылы қоғамдық байланыстар мен қатынастардың жағдайы бейнеленіп, белгілі бір мелекеттегі тұрғындардың азаматтық қайраткерлігінің қарқыны, мемлекет пе қоғамның әлеуметтік саладағы қызметтерінің бөліну деңгейі анықталады. Басқаша айтқанда, азаматтық қоғам демократиялық құрылысқа аса қажет әлеуметтік қатынастардың өзін-өзі реттеу қызметіне жағдай туады: азаматтар саяси институттардың көмегіне сүйенбей-ақ, өздері реттей алатын қатынастарға мемлекеттің қол сұғуы тежеледі. Сондықтан да демократиялық сипаттағы саяси жүйесі бар құқықтық мемлекеттің дамуында азаматтық қоғамның алатын орны ерекше.

Азаматтық қоғамның біздің түсінігіміздегі нақты анықтамасы мынадай: ол – құрамындағы мүшелердің арасындағы экономикалық, мәдени, құқықтық және саяси қатынастары дамыған, мемлекеттен тәуелсіз, бірақ онымен өзара әрекеттесуші қоғам, мемлекетпен бірлесе отырып, дамыған құқықтық қатынастар құрушы, жоғарғы дәрежелі әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени және моральдық мәртебелі азаматтар қоғамы. Азаматтық қоғамның шынайылығы идеал мен идеалдық жобаның және осындай жобаны жүзеге асырушы қоғамның шын мәнісінде қол жеткізген жетістіктерімен анықталады.

Бүгінгі таңдағы көзқарас бойынша, азаматтық қоғам бұл айтылғандармен қоса, демократиялық заңдар, биліктің тармақтарға жіктелуі, заң жүзіндегі оппозицияның болуы, көппартиялық жүйе сияқты басқа да азаматтық өмірдің құндылықтарын, адамдардың саяси және әлеуметтік бостандықтарын және олардың ассоциацияға, топқа, партияға бірлесуін жүзеге асырушы тетіктерді қамтиды. Азаматтық қоғам заңды тіркелген, құрылымды бекітілген және психологиялық тұрғыда қамтамасыз етілген әлеуметтік-саяси қызметтің материалдық және идеялық плюрализммен ажырамас бірлікте. Ал адамның жеке өміріне ешбір қол сұғушылыққа жол берілмейді, ол тек заңды бұзып, оған қайшы келмесе болғаны. Адам құқығы басты орындағы мәселе.

Тарихи деректемелерге сүйене келе азаматтық қоғам ұғымының пайда болуы жөнінде ұлы ойшыл ежелгі және орта ғасыр ғалымдар арасында екі түрлі көзқарас бар. Біреулері оны буржуазиялық қоғамның жемісі дей келіп, нарықтық қатынастармен байланыстырады. Екіншілері ондай қоғам белгілі бір шамада болмасын болған дейді. Еңбек туындыларына сілтемелі нысанда қарастыратын болсақ, азаматтық қоғам идеясы өте ертеде пайда болған. Ұлы Грек әлемінің данасы Аристотель еңбектерінің өзінде бір азаматтық қоғамдағы меншіктің рөлі туралы пікірлерін, жеке тұлғаға байланысты мағлұматтарды кездестіреміз. Ол кім меншікке ие болса, сол ізгіліктің, адамгершіліктің

де иесі болады деп өзінің төл туындыларында жазып өсиет ретінде қалдырған секілді. Сөйтіп, азаматтық қоғам институттарының зерттелуіне елеулі үлес қосқандар: Т.Гоббс, Ш.Монтескье, Ж.Ж.Руссо, Т.Пейн және тағы басқа. Азаматтық қоғам тұғырнамасын жасауда ерекше еңбек еткен немістің атақты фәлсафашысы – Гегель. Оның ойынша, азаматтық қоғам мемлекеттен тәуелсіз нарықтық экономиканы, әлеуметтік топтарды, таптарды, корпорацияларды, институттарды қамтиды. Олардың мақсаты қоғамның өміршеңдігін және азаматтық құқықты жүзеге асыруды қамтамасыз етуде.

Адам қоғамы қалай қалыптасты, оның себептері қандай – бұл туралы бір қорытынды пікір жоқ. Бірақ бұл түсінікті ең бірінші ғылымға енгізген Адам Смит, Давид Рикардо, оған саяси сипаттама берген Гегель. Дүниежүзілік ғылыми, саяси қайраткерлердің, ойшылардың айтуынша - қоғам саналы адамдардың ерікті түрде бірігіп өмір сүруі. Бұл бірігудің негізгі себебі адамдардың бір мүдделігі, бір тілектестігі. Мүдде екі түрлі болады: жеке адамның мүддесі және қоғамның мүддесі. Қоғам осы екі мүдде-мақсатты біріктіріп, дамытып отырады. Осы объективтік даму процесінде адамдардың өзара ынтымақтастығы қалыптасты. Сол арқылы жеке адамның қолынан келмейтін, әлі жетпейтін істерді атқаруға мүмкіншілік туды. Карл Маркс өз еңбектерінде қысқаша: “Қоғам – адамдардың өзара еңбек жасауының одағы” – деп жазған.

Қоғамдық мүдде-мақсат, қоғамдық тілек уақытша емес, түпкілікті, нақты, объективтік мағынада қалыптасуы керек. Сонда ғана қоғамның жақсы дамуға, нығаюға мүмкіншілігі болады. Себебі қоғам саналы адамдардың ерікті түрде қалыптасқан одағы. Егер бұл одақ, бұл бірлік еріксіз, озбырлық түрде ұйымдастырылса, ондай қоғам нәтижесіз тез таралып кетер еді. Адам қоғамның ең басты құрылымы. Қоғам адамдардың күрделі әлеуметтік бірлестігі. Бұл бірлестік, бұл қоғам дұрыс, жақсы даму үшін оның ішіндегі қатынастарды реттеп, басқару қажеттілігін тудырты. Оны қоғамның объективтік даму процесінің заңдарына сүйене отырып, адамдар өздерің әлеуметтік нормалар арқылы реттеп, басқарып отырады. Сондықтан мемлекет пен құқық пайда болды. “Адамдар өз тарихын өздері жасайды, деп жазды Маркс. – бірақ олар оны өз қалауынша жасай алмайды, қолындағы барды, бұрынғыдан қалған мұраны қолдануға мәжбүр болады”. Адамдардың объективтік тарихи даму процесіне және күнделікті қарым-қатынасында қоғамның бірнеше түрлері болады: өндірістік қоғам, шаруашылық қоғам, әлеуметтік қоғам, азаматтық қоғам және т.б. Осылардың ішіндегі ең күрделісі, ең түпкіліктісі адаммен бірге дамып кележатқан азаматтық қоғам. Қоғамның басқа түрлері тез құрылып, тез арада тарап жатады. Олардың өмірі, іс-әрекетінің шеңбері кеңістігі көп өлкеге жайылмайды, уақыты көпке созылмайды.

Азаматтық қоғам – мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени рухани қоғамдық қатынастардың жиынтығы. Осы қатынасқа қатысушылардың табиғи және азаматтық құқықтарын, бостандығы мен міндеттерін автономиялы даму жолы қамтамасыз етеді. Азаматтық қоғамда үзіліссіз болмайды, уақыты шектелмейді, аумақтық - аймаққа бөлінбейді, мемлекеттің барлық аумағын, халқын біріктіреді. Азаматтық қоғам деп мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени –рухани қоғамдық қатынастардың жиынтығын айтады. Ол жеке тұлғаның емін-еркін дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды. Бұл қоғамда мемлекеттің жеке адам өміріне аралауына шек қойылады. Ал олардың атқаратын міндеттерін азаматтар өз еркімен оларға берген және орындалуын өздері тексереді. Азаматтық қоғамның құрамына адамдардың өздері тудырған қауымдастықтар (отбасы, кооперациялар, ассоциялар, қоғамдық ұйымдар, кәсіби, шығармашылық, спорттық, этникалық және басқа бірлестіктер), азаматтардың, өндірістік және жеке өмірі, олардың әдеп-ғұрпы, салттары кіреді. Азаматтық қоғамда адамдардың экономикалық, саяси және рухани өмірінің түрін еркін таңдауына және жүзеге асыруына заң жүзінде кепілдік беріледі. Олар мемлекет тарапынан қатаң тәртіпке алынудан сенімді түрде қорғалады. Адамның жалпы құқықтары сақталады, бұзылмайды. Азаматтық қоғам экономикасының негізгі-әр түрлі меншіктегі көп укладты экономика. Бұл қоғамның әрбір мүшесінің нақтылы меншігі болады және оны өз қалауына алады. Сондықтан мұнда белсенді іскерлікке, тапқырлыққа, жемісті еңбек етуге кең жол ашылады. Саяси өмірде азаматтық қоғам барлық азаматтарға мемлекеттік және қоғамдық адамның халықаралық дәрежеде танылған ережелерде сай төмендегідей азаматтық құқықтары жүзеге асырылады:

- ұлттық-этникалық, саяси, діни, жастық, жыныстық белгілері бойынша қандай да долсын алалаушылыққа жол берілмейді;

- жеке тұлға мен азаматтың абыройы болып саналатын пәтер үйі мен мүлкі, мамандық таңдау еркіндігі, тұратын мекенін анықтау, елжұртқа келіп кету, хатта жазылған және телефонмен сөйлеген сөз құпиялылығы, сөз, баспасөз және хабарлама бостандығы заң жүзінде сенімді қорғалады;

- адам өзінің көзқарасы мен рухани мүдделерін өзі шешеді;

- азаматтық құқықтар сот органдары мен қоғамдық ұйымдар жағынан толық қорғалады.

Азаматтық қоғамдағы жеке тұлғаның құқықтық жағдайы құқықтық мәртебемен анықталады. Оның элементтері: құқық, бостандық, құқықтық кепілдіктер тұлғаның міндеттері мен жауапкершілігі. Жеке тұлға құқығы – бұл белгілі бір құндылыққа, игілікке деген құқық. Бұл құндылықтар әр түрлі – материалдық, рухани, мәдени. Бостандық- бұл да құқық, құқықтың бір түрі. Конституцияда көрсетілген бостандық түрі сол уақытта жеке тұлғаның құқығы болып табылады. Мысалы, сөз бостандығы- бұл азаматтың еркін өз ойларын, көзқарастарын айту құқығы жиналыс, митинглер бостандығы-азаматтардың өз өміріндегі және қызметіндегі проблемаларды шешу үшін жиналу құқы.

Сонымен, мемлекет пен азамат арасындағы қарым-қатынас өзара тең құқықты міндеттермен құқықтар арқасында қалыптасады. Бұл азаматтық қоғамның басты белгісі.

1. Кант И. Идея всеобщей истории во всемирно-гражданском плане / Кант И. Сочинения на немецком и русских языках. – М., 1994. – Т.1. – С. 60-95.
2. Сартаев С.С., Назарқұлова Л.Т. Қазақстан Республикасының қалыптасуы: проблемалары мен болашағы. – Алматы, 2005. – 464 б.
3. Баймаханов М.Т. Верховенство права как системообразующий признак понятия правового государства // Научные труды “Әділет”. – 2001. – № 1(9). – С. 36-46.
4. Бурсурманов Ж.Д. Евразийская концепция прав человека: Монография. – Алматы: КазГЮУ, 2006. – 481 с.

В статье рассматриваются политико-правовые взгляды на процесс формирования гражданского общества. А также описан комплексный анализ правовых основ взаимосвязи гражданского общества и гражданина.

The article considers political-legal views on the forming process of civil society. Also there was described complex analysis of legal basis of formation of civil society and citizen, and the conclusion that civil society.